

Алматы қаласындағы метрополитен құрылысын аяқтау және бірінші желісін іске қосу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 27 қазан N 1611. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001.07.12. N 950 қаулысымен. ~ P010950

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Алматы қаласы әкімі аппаратының күрделі құрылыс кәсіпорны" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының (бұдан әрі - Заем алушы) заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігімен тартатын мемлекеттік емес заемның қаражаты есебінен қаржыландырылатын Алматы қаласындағы метрополитен құрылысын аяқтау және бірінші желісін іске қосу жобасы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен:

"2000 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен бекітілген, берілетін мемлекеттік кепілдіктер лимитінің шегінде тартылатын мемлекеттік емес заем бойынша міндеттемелерді Заем алушының орындауын қамтамасыз етуі ретінде жалпы сомасы 50000000 (50 миллион) АҚШ доллары сомасында кредиторларға Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігін берсін;

Заем алушымен көрсетілген мемлекеттік кепілдікті беруге байланысты туындайтын міндеттемелерін қамтамасыз ету туралы тиісті келісім жасассын.

3. Заем алушы заңнамада белгіленген тәртіппен: мемлекеттік кепілдікті алуға үміткер тұлғаларға қойылатын талаптардың орындалуын қамтамасыз етсін; көрсетілген заемды өтеу және оған қызмет көрсетуге арналған қаражатты

2001 жылдан бастап жергілікті бюджетке енгізу жөніндегі жергілікті атқарушы органның міндеттемесін берсін.

4.

ЕСКЕРТУ. 4-тармақ күшін жойды - ҚР Үкіметінің 2000.12.30. N 1963 қаулысымен.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары Е.Ә.Өтембаевқа жүктелсін.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Багарова Ж.А.

Қасымбеков Б.А.